


**№ 76 жалпы орта білім беретін мектебінде**  
**2023-2024 оқу жылында инклюзивті білім алатын оқушылармен жүргізілген**  
**психологиялық қолдау, дамыту жұмыстары туралы анықтама**

Мектебімізде ақыл-ойының дамуының жасына сай келмей тежелуі, есту қабілетінің нашарлығы, жеңіл аутистік бұзылыстары бар осындай аталған санатта 3 оқушы бейімделген білім бағдарламасымен оқып білім алады. Пән мұғалімдерімен класс жетекшілердің жұмысынан қосымша психологиялық қолдау ,дамыту жұмыстары да жүргізіліп отырылады. Бұл санаттағы оқушылармен психомоториканы және сенсорлы үрдістерді, танымдық әрекеттерді дамытуға арналған жаттығулармен жұмыс түрлері жүргізіледі.

**Серікбай Жүмәділ** биылғы оқу жылында 2 сыныпты аяқтады. 1-кластан бері ПМПК қорытындысымен жеңіл аутистік бұзылысы бар оқушы деп танылып, бейімделген бағдарламамен білім алады. Оқушы 1-класқа келген жылы сабақ үстінде ұзақ уақыт отыра алмайтын, ыңылдау, түрлі дыбыстар шығару, жүріп кету, жылау т.с.с түрлі әрекеттер жасайтын. Оқушымен түрлі тақырыптарда қолдау сабақтары, қалпына келтіру тренингтері жүргізіліп отырылды. Сенсорлық жүйені дамытушы ойын сабақтары, қол моторикасын дамытатын жұмыстар, әртүрлі терапиялық сабақтар (пластилинмен жұмыс, құм терапиясы, қуыршақ терапиясы), рөлдік ойындар т.б. түрлі тақырыптарда дамытушы жұмыстар жүргізіліп келеді.



Қазіргі уақытта оқушыда біраз алға ілгерілеу байқалады. Түстерді жақсы айырады, шығармашылық тапсырмаларды жасағанды ұнатады, суретті өте әдемі салады, бір таңбалы санды ауызша алып қоса алады, әріптерді таниды, қосып жүргізе оқып үйреніп келеді. Ұзақ уақыт бір орынға отырып жұмыс жасауға қалыптасып келеді, бұрынғыдай

жүріп кете бермейді, жалпы оқушыда жасына сай дамымағанбен, біраз ілгерілеу байқалады.



**Гаврилова Лариса** Леонидовна оқу бағдарламасын жеке жұмыс ұйымдастыру арқылы баяу деңгейде меңгеріп келеді.

Сұраққа жауап бере алмайды, өз тілінде қысқа, түсініксіз жауап береді.

Жазу дағдылары толық қалыптаспаған. Әріп элементтерін толық жаза алмайды. Ұсақ қол моторикасы дамыған. Зейіннің даму деңгейі төмен, сөйлеуі анық емес, дыбыстарды дұрыс айта алмайды, жазу жазғанда әріптерді толық танымайды. Сын жұмыстарын мүлде жаза алмайды. Тапсырманы мұғалімнің көмегімен жеке орындағанды ұнатады, көбіне үлгі арқылы жазады.

Есте сақтау қабілеті төмен. Оқуды мүлдем оқи алмайды, өте баяу. Жазу жазғанда үлгімен жұмыстанғанды жақсы көреді. Кітаптан көшіріп жазуы мүлдем баяу.

Есептер бойынша 1-10 дейін санайды және кері санайды еш қиындықсыз, әрі қарай кішкене қиналады, есептеу дағдылары толық қалыптаспаған. 1 мен 10 сандар аралығын ғана орындай алады. Ойын барысында заттарды орнына ретімен қойып, өз орнын тауып орналастыру тапсырмаларын орындай алады.

Суретпен жұмыс жасағанда үстінен бастырып сызады, бояп шығады. Түстерді ажыратады. Тапсырманы соңына дейін орындауда мұғалімнің қадағалауы мен көмегін қажет етеді.

Ларисамен осы оқу жылында психология бойынша жұмыс дәптерімен жұмыстандым, сабаққа қызығушылығы бар. **Бірінші** сабағымның мақсаты: Оқушымың дамуына назар аудару болатын. Саусақтардың ұсақ моторикасын дамыту, мысалы екі бірдей затты табыңыз. оларды бояңыз және жолдар жасау үшін нүктелерді қосыңыз. **Екінші** сабағымыз ересек адамның ауызша нұсқауларына бағыну қабілетін дамыту. ұғымдарды оңға, солға, жоғары, төмен игеру. Графикалық диктант орындадық. Суретте қандай заттар жасырылған. үшбұрыштарды жасыл қарындашпен бояңыз. **Үшінші** сабағымыз

зейінді, шотты дамыту. Заттарды санап, қажетті санды шеңберге айналдырыңыз. Нүктелерді қосыңыз және көлеңкелеңіз. **Төртінші** тапсырма логикалық ойлауды дамыту және зейінді дамыту. Тапсырмаға назар аударып белгішелерді үлгі бойынша орналастырыңыз және келесі тапсырманы қорытындылау. **Бесінші** сабақ математикалық қабілеттерді дамыту, ұғымдарды жоғары, төмен, оңға, солға игеру. Мысалы: жасыл түспен жоғары, қызыл түспен төмен, оңға көк, солға сары түспен ұшатын зымырандарды бояңыз. **Алтыншы** сабақ зейінді дамыту. ойлауды дамыту. жасырын фигураларды тауып, оларды бояңыз. **Жетінші** сабақ математикалық қабілеттерді дамыту, зейінді дамыту. Берілген тапсырмада әр фигураға жаңа орын табыңыз. жолдармен жүріңіз.

Топпен немесе жеке қимылды ойындар, үстел үсті ойындар, нейрожаттуғуларды да орындайды, класында барлық оқушымен дос. Гаврилова Лариса Леонидовна мінезі салмақты, мейірімді, көп сөйлемейді. Көпшілікке қосыла бермейді, өзі жеке отырғанды ұнатады.

Жалпы оқушының дамуы мен қалыптасу кезеңіндегі кедергілердің алдын алу, өзіне өзі сенімді ұрпақты тәрбиелеу барысында және мектеп пен ата-ана байланысын нығайту жолындағы жұмыстарда психологиялық қызмет өз жоспарын атқарып келеді.



**Ақбидай Айсұлтан** бұл оқушыда туа біткен есту қабілетінің нашарлығына байланысты бейімделген білім бағдарламасымен оқып білім алатын оқушы. Биылғы оқу жылында 2 сыныпты аяқтады. Туа біткен естіп қабілеті нашар болғандықтан оқушыда сөйлеу тілі де жай дамып келеді, ЗРР диагнозы бар. Дұрыс естімегендіктен қоғамда

оқушыларменде дұрыс араласпайды, мінезі тұйық. Сөйлеу тілінде сөздерді түсініксіз айтады, сондықтан дыбыс шығарғанда қиналады. Бұл оқушыменде аптасына 2 рет психологиялық қолдау, жеке жұмыстар, топтық ойындар жүргізіліп отырылады. Сырт қарағанда физиологиялық дамуы қатарластары іспеттес, тек ортада ашылмайды. Сабақ үстінде мұғалімге, сыныптастарына ешқандай кедергі келтірмейді. Ауызекі сөйлеу тілі дұрыс қалыптаспағандықтан, ортада ойын айту, сабақта жауап беруге қатыспайды, жалпы таным процестерінің дамуында кешеуілдеу байқалады. Бұл оқушыда қазіргі уақытта біраз ілгерілеу байқалады.



Жалпы мектептегі инклюзивті білім алатын әр оқушыны ерекше оқушы деп санап, олардың әрқайсының жеке даму ерекшелігін ескере отырып, ерекшеліктеріне сай жоспарланып, психологиялық дамытушы сабақтар мен қолдау жұмыстары, қалыптастырушы ойындар мен тренингтер үнемі жүргізіліп отырылады.

## **Педагог- ассистенттің 2023-2024 оқу жылындағы атқарған жұмысы**

**Мақсаты:** ОПМПК қорытындысы мен ұсыныстарына сәйкес және ПМПК қорытындысыз білім алуда ерекше қажеттілігі бар мектеп оқушыларына оқу үрдісіне бейімделуін қалыптастыруда педагог-ассистенттің қолдауы. **Міндеттері:** Ерекше білім беруді қажет ететін мектеп оқушысын басқа мамандармен, мұғалімдермен, ата-аналармен бірлесе отырып, баланың мінез-құлқындағы ерекшеліктерін және оқудағы қажеттіліктерін анықтау. Ерекше білім беруді қажет ететін мектеп оқушысына жеке қолдау көрсету, психологиялық- педагогикалық сыныпта сүйемелдеу. Оқытушыларға, ата-аналарға, басқа мамандарға ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларды оқу процессінде және үйде мінез-құлықпен жұмыс әдістері бойынша кеңес беру.

### **Жұмыстың негізгі бағыттары:**

Ұйымдастырушылық жұмыс.

Мінез-құлық ерекшеліктерін, мәселелерін анықтау және оқушыларды педагог-ассистенттік қолдаудың (көмек) мазмұнын анықтау.

Педагог-ассистенттік қолдау және оның тиімділігін бақылау.

Кеңестік- әдістемелік қызмет.

Өзін-өзі дамыту.

2023-2024 оқу жылының басталуына материалдар мен жұмыс орнын жаңа оқу жылына дайындау, оқу құралдарымен методикалық, дидактикалық көрнекілік материалдармен толықтырдым. Ерекше білім беруді қажет ететін мектеп оқушыларын басқа мамандармен, мұғалімдермен, ата-аналармен бірлесе отырып, баланың мінез-құлығындағы ерекшеліктерін оқу қажеттіліктерін анықтауда жұмыс жүргіздім.

ОПМПК қорытындысы мен ұсыныстарына сәйкес

2 «Ә» сынып оқушысы Серікбай Жұмаәділ Абылайұлына (Нарушение поведения) педагог- ассистент бекітілді. Ата-анамен сұхбат және сауалнамалар жүргізіліп, үйде мінез-құлықпен жұмыс әдістері бойынша кеңес берілді. Серікбай Жұмаәділ Абылайұлына құжаттамаларын рәсімдеп, сабақ кестесі құрылып, бақылау күнделігі жүргізілді. Оқушыға мектепте жеке қолдау көрсетіп, психологиялық- педагогикалық кабинетте сүйемелденді. Жалпы сабақтарынан бөлек арнайы маманмен, мектеп логопеді және психологімен бірлескент жеке түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді. Педагогикалық-психологиялық қолдау көрсету жұмысы ұйымдастырылып, жүзеге асырылып жатыр.

Серікбай Жұмаәділ Абылайұлына мектепке келгенде сыныптастарынан оқшауланып жүрді, қатарға қосылмады, өзімен-өзі бөлек әлем болып отырды. Сабақ барысында өзін оқушы ретінде сезінбеді. Сұрақ қойсаң мән бермиді. Сабақта өздігінен тұрып, жүріп кетеді. Кітаптан көшіре алмайды. Жұмаәділдің көңіл- күйі құбылмалы, ашуланшақ, тез шаршайды, зейіні тұрақсыз. Оқушы сурет салғанды ұнатады. Түрлі- түсті суреттерге, заттарға қызыға қарайды, бірақ қызығушылығы 3-5 минуттан аспайды. Сөзін толық, түсінікті жеткізе алмайды.

Оқушыны әлеуметтендіруде сынып жетекшісімен бірлесе отырып біраз жұмыс атқарылды.

Әріптер мен сандарды үйретуде Жұмаәділдің түстерге қызығатының ескере отырып әр сабаққа дидактикалық материалдар, көрнекіліктер пайдалана отырып жұмыс жүргіздік. Сабақ барысын ойындармен қызықты, жетістігін қол шапалақтау арқылы бағалау тәсілін пайдаландық. Сабақта өздігінен тұрып, жүріп кетуін азайтты. Сұрақ қойсан мән беретін болды. Жұмаәділ көшіріп алатын жағдайға жетті.

Жұмаәділ 1-10 ға дейін санайды. Сандар мен әріптерді ажырата алады. Жұмаәділ сыныптастарымен асханаға барғанды ұнатады, асхана тәртібімен танысты, біледі. Сурет күйінде берілген картинкаларға қарап, аздаған сөйлем құрастып, не істеп жатқандығын айта алады.

Педагог-ассистент қызметінің мақсаты: Мінез-құлқында өзгерістер бар, сабақта жететін жетістіктерін өз бетімен жасауға дағдыландыру. Сабақтан тыс уақытта мектепте, әлеуметтік ортада өз бетімен жұмыс жасауға, ізденуге көмек көрсету.

Міндеттері:

-Жалпы білім беретін мектептерде жалпы сыныпта оқитын зерде бұзылыстары бар оқушыларға ПМПК қорытындысыз қолдау көрсету.

-Сабақ барысында өз бетімен жұмыс жасауға түзету жұмыстарын жүргізе отырып әлеуметтік ортаға бейімдеу.